

Research paper / Оригинальная статья  
<https://doi.org/10.51176/1997-9967-2023-4-40-54>  
MPHTI 06.71.45  
JEL: A10, I23, I25



# Theoretical Review of Scientific Research Work in the Quality of Higher Education Based on Bibliometric Analysis

Perizat Q. Salibekova<sup>a\*</sup>, Assem E. Kaliyeva<sup>b</sup>, Shalkar A. Boluspayev<sup>a</sup>

<sup>a</sup> Almaty Management University, 227 Rozybakiev str, 050060, Almaty, Kazakhstan; <sup>b</sup> Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi Ave., 050040, Almaty, Kazakhstan

**For citation:** Salibekova, P. Q., Kaliyeva, A. E., & Boluspayev, S. A. (2023). Theoretical Review of Scientific Research Work in the Quality of Higher Education Based on Bibliometric Analysis. *Economy: Strategy and Practices*, 18(4), 40-54, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2023-4-40-54>

## ABSTRACT

Despite empirical and theoretical research, there is still disagreement over the quality of higher education, and findings about these links are still far from universal. As a result of the review of the literature, it was found that the quality of higher education can be influenced by various model characteristics and data sets, assessment methods. In addition, an overview of current research areas and trends in developed countries with a high quality of education was made. This study aims to review scientific papers to identify key concepts and topics in the field of Higher Education. Also, the purpose of the article is to identify gaps in this topic for future research. Bibliometric analysis of literature was carried out using the R-package Biblioshiny tool. The sample includes 181 publications from the Scopus database. The articles are analyzed in relation to annual scientific products, the most important sources, organizations, compliance network and thematic mapping and evolution to understand trends within the quality of higher education. As a result of the analysis, the main factors affecting the quality of higher education were identified. The study shows that bibliometric analysis is important for the detailed presentation of theoretical literature and the development of an integrated theoretical basis for the quality of higher education. This review provides guidelines for entering this interdisciplinary field.

**KEYWORDS:** Competitiveness, Research Gap, Education, Higher Education, Bibliometric, Bibliometric Analysis, Citation Analysis, Scopus

**CONFLICT OF INTERESTS:** the authors declare that there is no conflict of interest.

**FINANCIAL SUPPORT.** This study was funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. funded this research AP19576425 “The impact of the quality of higher education on the competitiveness of the national economy in the era of digitalization and technological change”).

## Article history:

Received 11 July 2023

Accepted 10 October 2023

Published 30 December 2023

\*Corresponding author: Salibekova P.Q. – PhD candidate, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi Ave., 050040, Almaty, Kazakhstan, 87026884232, email: [salibekovas@gmail.com](mailto:salibekovas@gmail.com)

# Библиометриялық талдау негізінде жоғары білім беру сапасындағы ғылыми зерттеу жұмыстарына теоретикалық шолу

Салибекова П.Қ.<sup>а\*</sup>, Калиева А.Е.<sup>б</sup>, Болуспаев Ш.А.<sup>а</sup>

<sup>а</sup>Алматы менеджмент университеті, көш. Розыбакиев 227, 050060, Алматы, Қазақстан; <sup>б</sup>әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, даң. әл-Фараби 71, 050040, Алматы, Қазақстан

**For citation:** Салибекова П.Қ., Калиева А.Е., Болуспаев Ш.А. (2023) Библиометриялық талдау негізінде жоғары білім беру сапасындағы ғылыми зерттеу жұмыстарына теоретикалық шолу. *Economy: Strategy and Practices*, 18(4), 40-54, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2023-4-40-54>

## ТҮЙІН

Қазіргі уақытта жүргізілген эмпирикалық және теориялық жұмыстарға қарамастан, жоғары білім сапасы пікірталас тақырыбы болып қала береді және осы қатынастарға қатысты тұжырымдар әлі де консенсус емес тудырмайды. Әдебиеттерді шолу нәтижесінде әртүрлі бағалау әдістері жоғары білім сапасына модельдік сипаттамалар мен деректер жиынтығы әсер етуі мүмкін екендігі анықталды. Сонымен қатар, мақалада жоғары білім беру сапасына, дамыған елдердегі қазіргі уақыттағы өзекті зерттеу аясы мен факторларына шолу жасалынды. Бұл зерттеу жоғары білім беру саласындағы негізгі тұжырымдамалар мен тақырыптарды анықтау үшін ғылыми еңбектерге шолу жасауға бағытталған. Сондай-ақ, мақаланың мақсаты болашақ зерттеулер үшін осы тақырыптағы олқылықтарды анықтау болып табылады. R-package Biblioshiny құралының көмегімен әдебиеттерге библиометриялық талдау жүргізілді. Іріктеме Scopus дерекқорынан 181 жарияланымды қамтиды. Мақалалар жоғары білім беру сапасы аясындағы тенденцияларды түсіну үшін жылдық ғылыми шығарылымдарға, ең маңызды дереккөздерге, ұйымдарға, сәйкестік желісіне және тақырыптық картаға түсіру мен эволюцияға қатысты талданады. Талдау нәтижесінде жоғары білім сапасына әсер ететін негізгі факторлар анықталды. Зерттеу көрсеткендей, библиометриялық талдау теориялық әдебиеттерді егжей-тегжейлі көрсету және жоғары білім сапасының интеграцияланған теориялық негізін жасау үшін маңызды. Бұл шолу осы пәнаралық салаға ену үшін нұсқаулар береді.

**ТҮЙІН СӨЗДЕР:** қабілеттілік, зерттеудің олқылығы, білім, жоғары білім, библиометрия, библиометриялық талдау, дәйексөзді талдау, Scopus

**МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ:** авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

**ҚАРЖЫЛАНДЫРУ.** Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылған (грант № AP19576425 «Цифрландыру және технологиялық өзгерістер дәуірінде жоғары білім сапасының ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне әсері»).

## Мақала тарихы:

Редакцияға түсті 11 Шілде 2023

Жариялау туралы шешім қабылданды 10 Қазан 2023

Жарияланды 30 Желтоқсан 2023

\*Хат-хабаршы авторы: Салибекова П.Қ. – PhD докторанты, Алматы менеджмент университеті, көш. Розыбакиев 227, Алматы, Қазақстан, 87026884232, email: [sallibekovas@gmail.com](mailto:sallibekovas@gmail.com)

# Теоретический обзор научных исследований качества высшего образования на основе библиометрического анализа

Салибекова П.К.<sup>а\*</sup>, Калиева А.Е.<sup>б</sup>, Болуспаев Ш.А.<sup>б</sup>

<sup>а</sup> Алматы менеджмент университет, ул. Розыбакиева 227, 050060, Алматы, Казахстан; <sup>б</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, пр. аль-Фараби 71, 050040, Алматы, Казахстан

**Для цитирования:** Салибекова П.К., Калиева А.Е., Болуспаев Ш.А. (2023) Теоретический обзор научных исследований качества высшего образования на основе библиометрического анализа. Экономика: стратегия и практика, 18(4), 40-54, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2023-4-40-54>

## АННОТАЦИЯ

В настоящее время, несмотря на проведенную эмпирическую и теоретическую работу, качество высшего образования остается предметом дискуссий, и выводы, касающиеся этих взаимосвязей, все еще далеки от консенсуса. Обзор литературы показал, что различные модельные характеристики и наборы данных могут влиять на качество высшего образования с помощью методов оценки. Кроме того, был проведен обзор актуальных в настоящее время областей исследований и тенденций в развитых странах с высоким качеством образования. Это исследование направлено на обзор научных работ, чтобы определить основные концепции и темы в области высшего образования. Цель статьи – выявить пробелы в этой теме для будущих исследований. С помощью инструмента R-package Biblioshiny был проведен библиометрический анализ литературы. Выборка включает 181 публикацию из базы данных Scopus. Статьи анализируются в отношении ежегодных научных продуктов, наиболее важных источников, организаций, сети соответствия, тематического картирования и эволюции, чтобы понять тенденции в области качества высшего образования. В результате анализа выявлены основные факторы, влияющие на качество высшего образования. Исследование показало, что библиометрический анализ важен для детализации теоретической литературы и создания интегрированной теоретической основы качества высшего образования. Этот обзор дает рекомендации по проникновению в эту междисциплинарную область.

**Ключевые слова:** конкурентоспособность, исследовательский пробел, образование, высшее образование, библиометрия, библиометрический анализ, анализ цитирования, Scopus

**Конфликт интересов:** авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

**Финансирование.** Данное исследование профинансировано Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант № AP19576425 «Влияние качества высшего образования на конкурентоспособность национальной экономики в эпоху цифровизации и технологических изменений»)

## История статьи:

Получено 11 июля 2023

Принято 10 октября 2023

Опубликовано 30 декабря 2023

**\*Корреспондирующий автор:** Салибекова П.К. – PhD докторант, Программ-лидер и старший преподаватель Школы Экономики и финансов, Алматы менеджмент университет, ул. Розыбакиева 227, Алматы, Казахстан, 87026884232, email: [sallibekovas@gmail.com](mailto:sallibekovas@gmail.com)

### Кіріспе

Елдің дамуына әсер ететін негізгі факторларға ғылыми-техникалық әлеует, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жоғары интеллектуалды қызметтерін өндіру және дамыту, еңбек ресурстары және оның біліктілігі, мемлекеттің саудаға, инвестицияға және халықаралық еңбек бөлінісіне қатысу дәрежесі ретінде интернационализация, капитал нарықтарының ерекшеліктері, қаржы жүйесінің сапасы мен тиімділігі, инфрақұрылымның даму жағдайы жатады. Заманауи шарттарда – жаһандану үрдісінің қарқынды дамуы, сыртқы ортаның құбылмалылығы, дағдарыс салдарлары жағдайында әлемдік озық экономикаларға тән айқын ерекшеліктердің бірі болып «білімге негізделген экономика», яғни инновациялық даму және экономикалық дамудың жаңа модельдерін қалыптастыру негізіндегі ұлттық экономикалардың өзара бәсекелестігі табылады.

Жоғарыда аталған факторлардың барлығы негізінен адами капитал сапасының өсуінің негізгі факторларының бірі, елдердің серпінді әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторы – елдегі жоғары білім беру жүйесінің даму дәрежесіне және сапасына байланысты. Елдің әлемдік аренадағы бәсекеге қабілетті позициясының халықтың білім деңгейі мен сапасына тікелей тәуелділігін түсіну – көптеген дамыған елдерде жоғары білім саласын дамыту экономикалық дамудың басым бағыттарының біріне айналуына әкелді. Осыған орай, цифрландыру және технологиялық трансформация жағдайында жоғары білім сапасының дамуын негізгі ала отырып, еліміздің әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігіне әсерін өсіруге және Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндіктері бар екендігін атап өткіміз келеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі цифрландыру және технологиялық трансформация жағдайында жоғары білім сапасының елдің әлемдік аренадағы орнын талдау. Осыған байланысты оның көріну (ненің көрінуі) аспектілерінің әртүрлі болатынын және жоғары білім беру сапасын ескере отырып елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру талаптары туындайды. Зерттеу тақырыбының өзектілігінің артуына байланысты мақалада библиометриялық талдау арқылы жоғары білім беру сапасы мен бәсекеге қабілеттілік байланысын зерттеуге бағытталған соңғы жылдардағы әдебиеттерге жан-жақты талдау жасауға, талқылауға әрекет жасалды.

Библиометриялық талдау – бұл әдеби ақпаратты толық талдауға және нәтижелерді визуализациялауға мүмкіндік беретін ғылыми әдебиеттерге жан-жақты картографиялық талдау жүргізуге арналған ашық бастапқы құрал, белгілі бір тақырыпқа немесе салаға қатысты барлық жарияланымдарды қамтитын негізгі зерттеулерді немесе авторларды және олардың байланыстарын анықтауға мүмкіндік беретін компьютерлік шолу (De Bellis, 2009). Библиометриялық талдау әдістемесінің ерекшелігі – ғылыми мақалалар мен еңбектерді критерийлер негізінде талдау мен жіктеу нәтижесінде зерттеу саласы бойынша жарияланған ғылыми құжаттардың санаттарын айқындау. R-Package Biblioshiny бағдарламалық қамсыздандыру пакетін пайдалану, өз кезегінде, категориялық карталар арқылы деректерді графикалық түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты жоғары білім берудегі зерттеулердің негізгі бағыттарын, тұжырымдамалары мен тақырыптарын және оның бәсекеге қабілеттілікпен байланысын талдау, сондай-ақ болашақ зерттеу жұмыстарын зерттеу үшін бар басылымдардағы олқылықтарды анықтау, және осының негізінде зерттеудің болашақ бағыттарын айқындау.

Мақаланың мазмұны келесідей ұйымдастырылған: әдебиеттерге шолу бөлімінде библиометриялық талдаудың пайда болу нысанына және негізгі зерттеу жұмыстарын жүргізген авторлардың анықтамалары мен тұжырымдары сипатталып, қазіргі таңдағы жоғары білім беру сапасының жағдайы мен өзектілігі зерттеушілердің көзқарастары тұрғысынан талданды, 3-бөлімде зерттеу үшін пайдаланылған әдістеме және деректер егжей-тегжейлі сипатталған, 4-бөлімде әдебиеттерді библиометриялық талдаудың нәтижелері, 5-бөлімде зерттеу нәтижелері мен болашақ зерттеулердің бағыттары келтірілген.

### Әдебиетке шолу

Библиографиялық зерттеулер білімнің әртүрлі салаларында, соның ішінде басқару ғылымында, осы зерттеулерге қатысты теорияларда немесе библиометриялық талдауда теориялық әдебиеттерді шолудың жаңа стилін жасады. «Библиометрия» терминінің бірінші қолданылуы 1934 жылы бельгиялық жазушы, кәсіпкер, заңгер, библиограф Поль Отле еңбегінде аталып өткен (Otlet, 1934). Оның пайымдауынша, библиометрия – кітаптар мен құжаттарды жариялау және оқу процессімен байланысты барлық аспектілерді



өлшеу. Дегенмен, библиометрия терминінің ғылыми қолданысқа енуін ағылшын ғалымы А. Причардпен байланыстырады (Pritchard, 1969). Оның анықтамасына сәйкес, библиометрия – кітаптар мен коммуникацияның басқа да түрлеріне қатысты математикалық және статистикалық әдістерді қолдану. Осы кезеңнен бастап ғылыми әдебиеттерді талдауда статистикалық көрсеткіштермен қатар, библиометриялық талдау мәліметтері қолданыла бастады.

Сапа мен білім қоғамның ажырамас бөлігі болып табылады. Жоғары білім беру сапасына зерттеу жүргізген ғалымдардың жұмыстарын зерттей отырып келесі тұжырымдармен бөлісе аламыз. Жоғары сапалы білім алу ұлттардың болашағына көз жүгіртудің негізі болып табылады, өйткені бұл елдегі білім берудің даму деңгейін көрсетеді (de Matos Pedro et al., 2020). Демек, жоғары білім сапасын қамтамасыз ету әлеуметтік даму үшін де өте маңызды (Salas-Zapata et al., 2018). Ал әлеуметтік даму елдегі жоғары білім беру секторын зерттеу тұрғысынан оның қызмет көрсетуі мен сапасына тікелей байланысты (Rieckmann, 2012).

Ал, Schindler et al. (2015) зерттеулерінде жоғары білім – бұл жоғары оқу орындарын ұйымдастыратын ұйым, ол сонымен қатар дамудың, әсіресе білім беруді дамытудың прогресс көрсеткіштерінің бірі болып табылады деп сипаттайды. Жоғары білім беру, стратегиялық саясаттың үш негізгі бағытын қолдайды: (1) Білімге қол жетімділікті, әділ бөлуді және білімді кеңейтуді; (2) Білім беру мекемелері түлектерінің сапасын, өзектілігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру; (3) Білім беруді басқаруды, есеп беруді және қоғамдық имиджді жақсарту (Ryan, 2015). Жоғары білім беру және оның сапасы, жоғары білімнің дамуын жоспарлау саясатының үш негізгі бағытына қатысты болуы керек (Asiyai, 2013). Сонымен қатар, жоғары білім қоршаған ортаның өзгеруіне қарсы күрестің алдыңғы қатарында, мұнда жоғары білім деңгейі бар адамды кейіннен еңбек әлемінде сұранысқа ие болатын белгілі бір білім саласының маманы болуға дайындайтын ресми білім берудің соңғы сатысы болып табылады (Vykydal et al., 2020; Raza et al., 2015). Дәл осы пікірді Schindler et al. (2015) және Al-Omouh et al. (2015) зерттеушілер тобы қолдайды. Олардың сипаттауы бойынша жоғары білім – қоршаған ортаның өзгеруінің әсерінде ескеруі керек және интеллектуалды активтерді жеткізуші ретінде жоғары білім қоғам талап ететін сапамен бәсекеге түсе алатындай етіп

өзгертулер енгізуі керек, сондай-ақ, жоғары білім зерттеу, білім беру және қоғамдық жұмыстарға қызмет етуді жалғастыруы керек, сонымен бірге қазіргі мәселелерді шешу және болашақты болжау үшін ұйымдарды дамытуы керек. Бұл функцияларды орындау үшін жалпы немесе жан-жақты құрылымдық басқару жүйесі қажет. Алайда, іс жүзінде көптеген жоғары оқу орындары техникалық қызмет көрсетудің нашарлығынан банкротқа ұшырады немесе жоғары білім беруді басқару жүйесін енгізумен әлі де таныс емес. Pavlov & Katsamakos (2020) және Joo et al. (2009) зерттеу нәтижелері жоғары білімнің дами алмауының себептерін түсіндірді, соның ішінде: (1) қаржыны басқара алмау, оның ішінде кірістің болмауы; (2) инновацияны тоқтату; (3) проблемаларды шешуде алдын-ала жоғары білім аясындағы жаңа ақпараттарды таратуда бәсекелестіктің болмауы (Yusuf, 2023).

Бұл орайда жоғары білім беру сапасының өзектілігі арта түседі. Білім беру секторында жүргізілген алғашқы зерттеулер жоғары білім берудегі сапа идеясының түсініксіз болғанын көрсетеді және күтілетін нәтиже нақты алынған қызметтерді қабылдаумен салыстырудың нәтижесі екендігімен келіседі (Seymour, 1992; Green, 1994; Quinn et al., 2009). Кэмеронның және басқа ғалымдардың зерттеуі бойынша білім беру секторы – оқу процессіне қатысудың тиімді әдістерін біріктіруге, қатысушыларды білім алуға, білім беру қауымдастығына, әлеуметтік болашаққа, білімге, дағдыларға, көзқарастарға және негізгі құндылықтарға ынталандыруға бағытталған деген қорытындыға келді (Brika, 2021).

Carvalho and de Oliveira Mota (2010) студенттің білім алушы ретіндегі жағдайын анықтайтын білім беру моделінің динамикасын зерттей келе, оны қызмет алушыға айналдырды. Содан кейін DiDomenico and Bonnici (1996) өз зерттеулерінде бәсекеге қабілетті ортада өсу үшін қажетті қызмет сапасын талдаған болатын және сапа кепілдігінің белгілі бір дәрежесін қамтамасыз ететін білім беру қызметтерінің сапасын талқылайды. Авторлар білім беруге елдің инвестицияны ұзақ бөлу және көп қырлы қоғамға әсер ету, экономикалық өсуге ықпал ету, өмір сүру сапасын жақсарту және әлеуметтік теңсіздіктерді азайту секілді аспектілермен күресуге маңызды құрал екенін және елдің тұрақты дамуы мен өркендеуінің маңызды шарты ретінде қарастырылатындығын атап өткен.

Сонымен, дәстүрлі әдістермен салыстырғанда библиометриялық әдістерді қолдана отырып, ғылыми картаға түсіру осы салада басқа перспектива, бағыттарды айқындауға мүмкіндік береді; кез-келген зерттеу саласы бойынша қазіргі зерттеулер мен зерттеу нәтижелерін талдау арасындағы байланысты айқындауға болады. Осылайша, библиометриялық зерттеулер біржақтылық пен зерттеу таңдауын болдырмау үшін әртүрлі тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді (Mulet-Forteza et al., 2019).


Библиометриялық талдау әдістерін дәстүрлі теориялық әдебиеттерге балама ретінде қарастыруға болмайды. Алайда, олар бір-бірін толықтырады, өйткені олар зерттеушіге белгілі бір саладағы ең маңызды зерттеулерді, осы саладағы ең ықпалды зерттеушілерді, осы зерттеу саласындағы негіздерді, тіпті осы саладағы ғылыми-зерттеу институттары мен елдерді таңдауға көмектеседі.

### Әдіснама

Жоғары білім беру тақырыбына арналған зерттеулердің, тұжырымдамалардың және ғылыми тақырыптардың негізгі бағыттарын бөліп көрсету үшін R-Package Biblioshiny құралының көмегімен ғылыми әдебиеттердің библиометриялық талдауын жүргізу таңдалды. Бұл әдістің негізін қалаушылар Aria & Cuccurullo (2017), олар зерттеу әдістемесін айқындаған болатын. Сенімді, тиімді статистикалық алгоритмдердің болуы, жоғары сапалы сандық процедураларға және деректерді бейнелеудің интеграцияланған құралдарына қол жеткізу «R Package Biblioshiny-ді» ғылыми есептеулер үшін басқа тілдер арасында ең қолайлы етеді.

Талдау үшін басылымдардың үлгісі Scopus дерекқорынан үш сатылы процедура арқылы алынды. Зерттеу жұмысы 2023 жылдың маусымында жүргізілді және осы уақытқа дейін жарияланған мақалаларды қамтиды.

«R Package Biblioshiny» бағдарламалық қамсыздандыруды пайдалану нәтижесінде алынған үлгіні қалыптастыру кезеңдерінің сызбасы 1-суретте сипатталған.



Сурет 1 – Үлгіні алу кезеңдерінің сызбасы  
Figure 1 – Scheme of the stages of obtaining a sample

Ескерту – «R Package Biblioshiny» бағдарламасының нәтижелері негізінде авторлармен құрастырылған

Бастапқыда зерттеу жұмыстары «quality of higher education» кілтті сөздері бойынша жүргізілді, нәтижесінде Scopus базасындағы 1003 зерттеу жұмыстары табылды. Келесі кезеңде іріктеу «Social Sciences», «Economics, Econometrics and Finance», «Business, Management and Accounting» сияқты білім салаларымен шектелді, нәтижесінде іріктеу

186 басылымға дейін қысқарды. Осы білім салаларындағы кілтті сөз бойынша Scopus базасындағы Жарияланымдар 1992 жылдан басталатыны анықталды. Бірақ, біздің зерттеу жұмысымызда уақыт кезеңі 2008-2023 жылдар аралығы ретінде алынды. Себебі, 2008 жылдан бастап онлайн білім беру бағдарламалары әлемде қолданысқа енгізілген. Онлайн білім

берудің пайда болуымен жоғары білім сапасы өзгерді және бұл өзгеріс әртүрлі факторлар мен контекстке байланысты оң немесе теріс болуы мүмкін. Онлайн оқытудың пайда болуына байланысты жоғары білім алу бұрынғыға қарағанда әлдеқайда қолжетімді болды.

Онлайн білім берудің тарихи дамуы ұзақ уақытты және бірнеше кезеңдерді қамтиды. Мұнда онлайн білім беруді дамытудағы негізгі ойларға қысқаша шолу берілген: алғаш 1950-1960 жылдарда басында радио мен теледидардың поштасы мен хабарларын пайдаланатын қашықтықтан білім беру бағдарламалары болды. Алғаш рет білім беру үшін компьютерлерді пайдалану идеялары пайда болды. Мысалы, 1960 жылдары Иллинойс университетінде Plato (автоматтандырылған оқыту операциялары үшін бағдарламаланған логика) құрылды - алғашқы онлайн оқыту жүйелерінің бірі. Кейіннен 1970-1980 кезеңде студенттерге үйде оқуға мүмкіндік беретін компьютерлерге арналған бағдарламалар жасалды. TICCIT (time-shared, Interactive, Computer-controlled Information Television) жүйесінің дамуы және алғашқы электрондық оқу материалдарының пайда болуы маңызды сәттер болды. 1990 жылдары Интернеттің дамуымен 1990 жылдары онлайн оқытуға арналған веб-платформалар дами бастады. Онлайн курстар мен қашықтықтан білім беру қол жетімді болды. Университеттер студенттерге онлайн курстар бере бастады. Алайда дәстүрлі білім беруге бәсекелестік танытардай деңгейге жеткен жоқ. Ал 2008 жылдан бастап бұл онжылдық онлайн білім берудің ең жоғарғы өсу кезеңі болды. Coursera, edX және Udacity сияқты көптеген онлайн университеттер мен платформалар пайда болды. Жаппай ашық онлайн курстар (MOOC) танымал болды, бұл әлемдегі жетекші университеттердің курстарына қол жеткізуге мүмкіндік берді. Онлайн білім беру кең таралды және виртуалды сыныптар, интерактивті оқулықтар және білім беру қосымшаларын қоса алғанда, әртүрлі форматтарды қамтыды. Білім беру ресурстары мобильді құрылғыларда қол жетімді болды. Сондай-ақ, COVID-19 пандемиясы онлайн білім берудің одан әрі өсуіне әкелді. Көптеген оқу орындары


қашықтықтан оқытуға көшті, ал онлайн білім беру оқу процессінің ажырамас бөлігіне айналды. Осы кезеңде онлайн білім берудің болашағын өзгерте алатын виртуалды шындық және жасанды интеллект технологиялары дамып келеді.

Онлайн білім берудің тарихи дамуы бүкіл әлемдегі көптеген адамдар үшін технологияның үздіксіз жетілдірілуін және білім берудің қолжетімділігін көрсетеді. Бұл процесс жалғасуда және онлайн білім беру қазіргі заманғы білім беруде және адами капиталды дамытуда маңызды рөл атқарады.

Онлайн білім беру оқытуды физикалық, географиялық немесе қаржылық шектеулерге байланысты бұрын жоғары білімге қол жеткізе алмағандарды қоса алғанда, көбірек адамдар үшін қолжетімді етті. Бұл әлемдегі білім деңгейін көтерді. Алайда, бұл процесстердің білім сапасына кері әсерін де тигізуі мүмкін. Онлайн білім беру сапасының дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін және барлық онлайн курстар мен бағдарламалардың жоғары стандарттары айқындалмаған. Оқу орындары мен білім беру платформаларының аккредитациядан өтуі мен беделін мұқият тексеруді қажет етеді. Сондай-ақ, техникалық мәселелерді ескеру маңызды: сенімді Интернетке қол жеткізу және техникалық жабдық көптеген адамдар үшін қиындық тудыруы мүмкін. Онлайн білім берудің барлық жағымды және жағымсыз жақтарын ескере отырып, осы бағыттың пайда болуымен жаңа өзекті трендтер мен зерттеу тақырыптары пайда болды деп нық айта аламыз. Өйткені қазіргі уақыттағы жоғары білім беру саласын онлайн платформаларсыз елестету мүмкін емес. Нәтижесінде уақыт кезеңімен байланысты шектеу қорытындысы 181 зерттеу жұмысын көрсетті.

#### **Нәтижелер мен талқылау**

Мақалада жоғары білім беру сапасы туралы білім жиынтығындағы тенденцияларды түсіну үшін дайын ғылыми жарияланымдарға, өзекті әдебиет көздеріне, ең маңызды ұйымдарға, сәйкестік желісіне және тақырыптық картаға түсіру мен эволюцияға қатысты зерттеу бағыты талданады.



**Сурет 2 – Жыл сайынғы ғылыми жарияланымдар көрсеткіштері**  
**Figure 2 – Annual Scientific Production**

Ескерту – «R Package Biblioshiny» бағдарламасының нәтижелері негізінде авторлармен құрастырылған

Жоғарыдағы 2-суретте жоғары білім сапасы аясында жарияланған зерттеу жұмыстарының жылдық шығарылымы көрсетілген. Бұл салада зерттеу жұмыстарының біркелкі еместігін және зерттеу жұмысының ең жоғарғы кезеңі 2019 жыл екендігін көруімізге болады. Ғалымдардың зерттеу жұмыстарына назар аударсақ, 2019 жылғы мақалалардың өсуінің себептері ретінде келесі аспектілерді атап өтуге болады:

– білім беру жүйесіндегі реформалар: кейбір елдерде жоғары білім беру саласында оның сапасын арттыруға бағытталған реформалар жүргізілді. Бұл реформалар жоғары білімнің жай-күйін, оның өзекті проблемалары мен жоғары білім беруді жақсарту жолдарын талқылауға және талдауға түрткі болды;

– технологиялық өзгерістер: технология дамуының жылдам қарқыны және цифрландыру үрдісінің жеделдігі білім беру процесстеріне айтарлықтай әсер етті. Жоғары білім сапасы туралы мақалалар жаңа технологияларды және олардың білім беру ортасына әсерін жиі талқыланды және студенттерді қазіргі еңбек нарығының талаптарына сай етіп дайындау үшін қандай өзгерістер енгізу керектігі туралы сұрақтар қойылды;

– халықаралық салыстыру: әр түрлі елдердің жоғары білім беру жүйелерін салыстыру білім беру сапасын талдауда кең таралған тәсіл болып табылады. 2019 жылы көптеген зерттеулер мен мақалалар әртүрлі елдердің білім беру жүйелерін, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстырмалы талдауға арналды.

Сонымен қатар, COVID-2019 пандемиясы басталғаннан бері жоғары білім беру сапасына зерттеу жұмыстарының көбейгендігін атап өткен жөн. Соңғы 16 жыл ішінде осы салада зерттеу жұмыстығының біркелкі еместігіне қарамастан, 2008 жылдан 2023 жылға дейінгі басылымдардың жыл сайынғы өсу қарқыны 5,56% құрайды (3-сурет). Сондай-ақ, қарастырылып отырған мерзім аралығында 448 автордың зерттеу жұмыстары негізге алынып, олардың халықаралық бірлескен авторлық үлесі 14,92% құраған болатын, ал орташа жылдық дәйексөз келтіру үлесі 5,3% және негізгі кілттік сөздер саны 556 тең. Бұл зерттеу аясындағы орташа деңгейдегі дәйексөздер мөлшері 5,3 құрайды.






Сурет 3 – 2008-2023 жж. аралығында жоғары білім беру саласы бойынша жарияланған ғылыми еңбектер бойынша негізгі ақпарат

Figure 3 – 2008-2023 main information

Ескерту – «R Package Biblioshiny» бағдарламасының нәтижелері негізінде авторлармен құрастырылған

Зерттеу тақырыбы бойынша кілтті сөздерді негізге ала отырып, жоғары білім беру сапасы бойынша әлемдік елдер, дереккөздеріне талдау жасалынды (4-сурет).



Сурет 4 – Three-fields сызбасы (елдер – кілт сөздер – дереккөздер)


Figure 4 – Three-fields plot (Countries – Keywords – Sources)

Ескерту – «R Package Biblioshiny» бағдарламасының нәтижелері негізінде авторлармен құрастырылған

Three-fields сызбасы арқылы біз зерттеу аясында бірнеше тұжырымдар жасай аламыз. Мысалы, 4-суреттен «жоғары білім беру сапасы» тақырыбы аясында ең көп зерттеу жұмыстарын жүргізетін елдерге Испания, Қазақстан, Малайзия және Германия жататындығын және Америка Құрама Штаттары, Қытай мен Индия елдерінде зерттеу аясы кең екендігін көруімізге болады. Қазақстан Республикасы жоғары білім беру сапасы аясында көп жағдайда жоғары білім беру сапасы, адами капитал және білім беру сапасы бойынша зерттеу жүргізсе, дерлік қалған барлық мемлекеттер негізгі акцентті жоғары білім (higher education) бойынша

зерттеу жұмыстарына назар аударатындығын байқаймыз. Жалпы, дамыған және дамушы елдер жоғары білім беру сапасы тақырыбы аясындағы зерттеулерге кеңінен көңіл бөледі деген қорытынды жасауға және отандық зерттеу жұмыстарына әлемдік аренаға шығу үшін осы кілттік сөздер аясында жүргізуге акцент бөлінуі керек екендігін атап өткен дұрыс.

5-суретте жоғары білім сапасы мәселесін зерттейтін мақалалардың ең көп көлемі жарияланған журналдар да көрсетілген. Осы журналдарда 2008-2023 жылдар аралығында жарияланған мақалалар саны көрсетілген.




Сурет 5 – Жоғары білім беру сапасы мәселесі тақырыбында жарық көрген мақалалар бойынша ең маңызды журналдар мен дереккөздер

Figure 5 – Most Relevant Sources

Ескерту – «R Package Biblioshiny» бағдарламасының нәтижелері негізінде авторлармен құрастырылған

Зерттеу саласы бойынша ең көп мақалалар жарық көрген жетекші журналдарға Tertiary education and management (8), Economic and political weekly (6), Universidad Y Sociedad

(5), Espacios (4) және басқалары кіреді. 2008-2023 жж. аралығында барлық жарияланған мақалалардың 22%-ы 5-суреттегі журналдарда жарық көрген.




Сурет 6 – Кілтті сөздердің сәйкестік желісі  
 Figure 6 – Co-occurrence Network

Ескерту – «R Package Biblioshiny» бағдарламасының нәтижелері негізінде авторлармен құрастырылған

Кілтті сөздердің сәйкестік желісі Лувеннің кластерлеу алгоритмі бар авторлық кілт сөздер негізінде құрылды. Сәйкестік желісінде екі негізгі кластер бар (6-сурет) екендігін көріп отырмыз. Негізгі, орталық және ең үлкен кластер – «жоғарғы білім». «Жоғарғы білім сапасы» - екінші үлкен түйін. Бұл екі кластерді түстері бойынша оңай ажыратуға болады. Әлемдік экономикада қазіргі уақытта білім беру саласында осы екі кластердің өзектілігі маңызды екендігіне көз жеткізуге болады. «Жоғарғы білім» кластерінің ішінде бірнеше

топтама яғни, студенттер, ақпаратты басқару саласындағы білім және инновация топтамалары бар екендігі анықталды. Сөзсіз, жоғары білім беруді осы процесстерсіз елестету мүмкін емес, олар білім беру саласындағы негізгі құрамдас бөлектірдің бірі. Ал «жоғары білім сапасы» кластері ішінде бірнеше ірі топтамаларды келесілер құрап отыр: білім беру есептеулері, сапаны бақылау және аккредитация. Бұл тұста да, біз аталған топтамалардың жоғары білім беру жүйесіндегі заманауи шарттар мен талаптарға сәйкес келетіндігіне көз жеткізе аламыз.



**Сурет 7** – Жоғары білім беру сапасы мәселесі тақырыбында зерттеулердегі кілтті сөздердің тақырыптық картасы  
**Figure 7** – Thematic map

Ескерту – «R Package Biblioshiny» бағдарламасының нәтижелері негізінде авторлармен құрастырылған

7-суретте жоғары білім сапасы мәселелерін зерттеудің қазіргі жағдайы көрсетілген. Тақырыптық картаны алу үшін авторлық кілт сөздер қолданылды және 5 нүктенің минималды кластерлеу жиілігі орнатылды.

Қарастырылып отырған кезеңдегі негізгі (базалық) тақырыптарға «Higher education», «Quality of higher education», «Quality assurance» жататынын көре аламыз. Ал, «Higher education institutions quality of education evaluation» бағыты бойынша жасалатын болашақ зерттеулер ең негізгі өзекті тақырыпқа айналмақ.

Маңыздылығы жоғары, жетекші тақырыптар (моторлық тақырыптар) кластеріндегі мақалаларға келетін болсақ, бұл санатқа «Quality satisfaction governance» кіреді, яғни бұл тақырыптар жоғары білім сапасының негізгі факторлар ретінде қарастырылады, сондай-ақ алдағы уақытта бұл тақырыптардың базалық яғни, негізгі зерттеу тақырыптарына айналу ықтималдылығы бар деген тұжырым жасауға болады.

Ал зерттеу аясынан жойылу қауіпі бар, өзектілігі төмендей бастаған тақырыптарға «Human capital», «Education» және «Employment» бойынша зерттеулері еніп отыр. Ал бүгінгі таңдағы зерттеу бағытындағы өзге салалармен салыстырмалы түрде әлсіз байланысымен сипатталатын нишалық тақырыптарға

«Leadership», «Academic culture», «Academic quality assurance», «Data envelopment analysis», «Job satisfaction» және «Universities» зерттеу бағыттарын жатқызуға болады.

Сонымен, зерттеу нәтижесі аясында жоғары білім беру сапасының елді экономикасына әсерін талдау бойынша зерттеу жұмыстарының әлсіз әрі аз мөлшерде зерттелінгенін анықтауымызға болады. Өйткені, көп жағдайда жоғары білім беру сапасын басқарушылық, көшбасшылық, академиялық мәдениетпен іспеттес зерттеу тақырыптары аясында талданып, жоғары білім беру сапасының ел экономикасына әсері мен нәтижелері туралы зерттеу жұмыстары толыққанды емес. Осы олқылық алдағы уақыттағы зерттеу жұмыстарының негізгі аспектісі болмақ.

### Қорытынды

Бұл зерттеу жоғары білім беру сапасы саласы бойынша теориялық әдебиеттерді, жарияланған ғылыми еңбектерді – ережелер, негіздер, әдістер, кілттік сөздер, деректер және бағдарламалық қамтамасыз етуді классикалық зерттеумен салыстырғанда библиометриялық талдау мен аналитикалық тұжырымдамаларды талқылады. Мұндай әдіс теоретикалық шолу жұмыстарын ықшамдап, негізгі тұстарын бөліп көрсетуге және ойды жеткізуге септігін тигізеді.

Зерттеудің мақсаты ғылыми ізденістің негізгі бағыттарын, тұжырымдамаларын және жоғары білім беру сапасы мәселелерін және олардың елдің бәсекеге қабілеттілігімен байланысын анықтау және болашақ зерттеулерге арналған сұрақтарды, ғылыми ізденіс бағытын анықтау болды. Мақсатқа жету үшін, «R Package Biblioshiny» бағдарламасының қолдануымен соңғы 16 жылда Scopus дерекқорында жарияланған 181 мақалаларына үлгі құралып, библиометриялық талдау жүргізілді. Зерттеу мерзімі бойынша шектеу және уақыт межесі ретінде онлайн білім беру бағдарламалары енген 2008 жылдан бастау алды және алынған мерзім аралығы мақалада бірнеше себептермен негізделіп көрсетілді.

Нәтижесінде соңғы 16 жылда осы тақырыпқа деген қызығушылық құбылмалы әрі біртекті емес екендігі анықталды және негізгі тақырыптар жоғары білім, жоғары білім сапасы және адами капиталмен байланысты болып табылатындығы айқындалды.

Библиометриялық талдау кейбір маңызды зерттеу жұмыстарына, сілтемелерге, ең ықпалды зерттеушілерге және жоғары білім сапасына, елдерге және осы тақырып бойынша референттік зерттеу институттарына қатысты негізгі терминдерге сілтеме жасау қажет екенін көрсетті.

Бұл мақалада библиометриялық, сондай-ақ жоғары білімнің сапасы туралы пікірталасқа байланысты әртүрлі тұжырымдамаларға теориялық талдау жасалды. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінен біз, жоғары білім беру сапасы аясындағы зерттеу тақырыптарының өзекті екендігін, бірақ, олардың зерттелу дәрежесі соңғы он жылдықта біркелкі тенденцияға ие емес екендігін анықтадық. Ал зерттелу деңгейінің орташа жылдық өсімі, дәйексөз алу көрсеткіші мен мақалалар санының жылдық орташа саны тұрақты түрде оң нәтижеге ие екендігі анықталды. Бұл зерттеу тақырыбының өзектілігін, әсіресе Covid-2019 пандемиясынан кейінгі кезеңде маңыздылығын көрсетті және тақырыпқа қызығушылықтың артқанын көрсетті.

Дәстүрлі әдістермен салыстырғанда библиометриялық талдауда кең ауқымды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік туды, яғни негізгі терминдер, осы саладағы ең ықпалды зерттеушілер, зерттеу жұмыстары мен анықтамалық дереккөздері, сондай-ақ елдер мен жоғары білім беру сапасын зерттеумен айналысатын ғылыми институттары (аналитикалық бөлімшелері) айқындалды. Бүгін-

гі таңда жоғары білім беру сапасы аясында зерттеу жұмыстары Испания, Қазақстан, Малайзия және Германия мемлекеттерінде зерттеу аясы кең тақырыптар екендігі және Америка Құрама Штаттары, Қытай, Индия елдерінде зерттеудің өзекті тақырыптар болып табылатыны анықталды. Ал осы уақытқа дейін жоғары білім сапасы тұрғысынан ең көп зерттелген елдер Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары, Австралия, Қытай және Испания болғаны туралы қорытынды жасауға болады. Жоғары білімнің жетекші ғылыми-зерттеу институттары халықаралық деңгейде келесі университеттерде ұсынылған: Батыс Австралия Университеті, Лондон университеті, Америкадағы Аризона, Депоп және Рочестер технологиялық институттарында, Шығыс Англия университеттері.

Зерттеу аясында жүргізілген негізгі ғылыми еңбектердегі кілтті сөздер жоғары білім, жоғары білім беру сапасы мен адами капитал екендігі анықталып, соңғы жылдардағы зерттеу жүргізіліп келе жатқан тақырыптар «көшбасшылық», «академиялық мәдениет», «академиялық сапаны қамтамасыз ету», «деректер көлемін талдау», «жұмысқа қанағаттану» және «университеттер» зерттеу бағыттары екені анықталды. Жоғары білім беру сапасына әсер ететін негізгі факторлар ретінде студенттер, ақпаратты басқару саласындағы білім, инновация, сапа менеджменті, аккредитация және т.б. жататындығы айқындалды.

Қорытындылай келе, бұл зерттеу жоғары білім беру саясатын зерттеушілер мен әзірлеушілерге сапа талаптарының жай-күйін түсінуге және жоғары білім беру үрдістерін анықтауға көмектеседі. Бұл зерттеу сонымен қатар білім берудің қоғамда маңызды рөл атқаратынын және жоғары білім сапасын, әсіресе цифрлық білім мен оның талаптарын қамтамасыз ететінін мойындаудың артып келе жатқанын растайды. Бұл сондай-ақ жоғары білім туралы әдебиеттер сапасының өсу динамикасынан, оның пәнаралық құрамынан, жоғары білім мазмұнының сапасын көрсететін салалардың кеңдігінен, сондай-ақ осы тақырыпқа қатысқан журналдар мен ғалымдардың сапасынан айқын көрінеді.

Зерттеудің нәтижелері қазіргі таңдағы жоғары оқу орындарындағы негізгі әлемдік тенденцияларды және білім беру сапасындағы өзгерістерді анықтай отырып, болашақ жоғары білім беру сапасының жағдайына болжам жасай алады. Нақтырақ айтсақ, нәтижелерді жоғары оқу орындары сапаны стратегиялық аспект ретінде бағалау және саясаткерлердің



көзқарасына әсер ету үшін тікелей пайдалана алады. Зерттеуді жүргізу барысында «R-Package Biblioshiny» бағдарламалық камсыздандыру пакетінде тек 2000 басылымды талдауға және картаға түсіруге шектеу болды.

## References

1. Al-Omoush, M., Alrahaheh, A., & Alabaddi, Z. (2015). Total Quality Management in Higher Education. *Information and Knowledge Management*, 5(12), 49-59. <https://www.iiste.org/Journals/index.php/IKM/article/view/27810>
2. Asiyai, R. I. (2016). Challenges of Quality in Higher Education in Nigeria in the 21st Century. *International Journal of Educational Planning & Administration*, 3(2), 159-172. <https://hdl.handle.net/10520/EJC-5cdc4ddff>
3. Brika, S., Algamdi, A., Chergui, K., Musa, A., & Zouaghi, R. (2021). Quality of Higher Education: A Bibliometric Review Study. *Frontiers in Education*, 6, 666087-666102. <https://doi.org/10.3389/educ.2021.666087>
4. De Bellis, N. (2009). *Bibliometrics and citation analysis: From the Science citation index to cybermetrics*. Lanham, Maryland, Scarecrow Press.
5. DiDomenico, E., & Bonnici, J. (1996). Assessing service quality within the educational environment. *Education*, 116(3), 353-360. <https://go.gale.com/ps/i.do?id=GALE%7CA18434919&sid=googleScholar&v=2.1&it=r&linkaccess=abs&issn=00131172&p=A-ONE&sw=w&userGroupName=anon%7Ec5f1269f&aty=open-web-entry>
6. Joo, S., Durband, D., & Grable, J. (2008). The Academic Impact of Financial Stress on College Students. *Journal of College Student Retention: Research, Theory and Practice*, 10(3), 287-305. <https://doi.org/10.2190/CS.10.3.c>
7. Kelesbayev, D., Kalykulov, K., Yertayev, Y., Turlybekova, A., & Kamalov, A. (2016). A Case Study for using the Quality Function Deployment Method as a Quality Improvement Tool in the Universities. *International Review of Management and Marketing*, 6(3), 569-576. <https://dergipark.org.tr/en/pub/irmm/issue/32093/355385?publisher=http-www-cag-edu-tr-ilhan-ozturk>
8. Mulet-Forteza, C., Genovart-Balaguer, J., Merigó, J., & Mauleon-Mendez, E. (2019). Bibliometric structure of IJCHM in its 30 years. *International Journal of Contemporary Hospitality Management*, 31(12), 4574-4604. <https://doi.org/10.1108/IJCHM-10-2018-0828>
9. Otlet, P. (1934). *Traité De Documentation: Le Livre Sur Le Livre, Théorie Et Pratique*. Editions Mundaneum: Bruxelles, Belgium.
10. Pavlov, O., & Katsamakos, E. (2020). Will colleges survive the storm of declining enrollments? A computational model. *PLOS ONE*, 15(2), 1-29. <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0236872>
11. Pedro, E., Leitão, J., & Alves, H. (2020). Bridging Intellectual Capital, Sustainable Development and Quality of Life in Higher Education Institutions. *Sustainability*, 12(2), 1-27. <http://dx.doi.org/10.3390/su12020479>
12. Pritchard, A. (1969). Statistical bibliography or bibliometrics. *Journal of Documentation*, 25(4), 348-349.
13. Rieckmann, M. (2012). Future-oriented higher education: which key competencies should be fostered through university teaching and learning? *Futures*, 44(2), 127-135. <http://dx.doi.org/10.1016/j.futures.2011.09.005>
14. Ryan, T. (2015). Quality Assurance in Higher Education: A Review of Literature. *Higher Learning Research Communications*, 5(4), 1-12. <http://dx.doi.org/10.18870/hlrc.v5i4.257>
15. Salas-Zapata, W. A., Rios-Osorio, L. A., & Cardona-Arias, J. (2018). Knowledge, Attitudes and Practices of Sustainability: Systematic Review 1990-2016. *Journal of Teacher Education for Sustainability*, 20(1), 46 - 63. <https://doi.org/10.2478/jtes-2018-0003>
16. Schindler, L., Puls-Elvidge, S., Welzant, H., & Crawford. (2015). Definitions of Quality in Higher Education: A Synthesis of the Literature. *Higher Learning Research Communications*, 5(3), 3-13. <http://dx.doi.org/10.18870/hlrc.v5i3.244>
17. Seymour, D. T. (1992). *On Q: Causing Quality in Higher Education*. New York, Macmillan Publishing Company.
18. Vykydal, D., Foltá, M., & Nenadal, J. (2020). A Study of Quality Assessment in Higher Education within the Context of Sustainable Development: A Case Study from Czech Republic. *Sustainability*, 12(4769), 1-22. <https://doi.org/10.3390/su12114769>
19. Yusuf, F. A., (2023). Total quality management (TQM) and quality of higher education: A meta-analysis study. *International Journal of Instruction*, 16(2), 161-178. <https://doi.org/10.29333/iji.2023.16210a>

**Information about the authors**

\***Perizat Q. Salibekova** – PhD candidate, Senior Lecturer, Almaty Management University, Almaty, Kazakhstan, email: [salibekovas@gmail.com](mailto:salibekovas@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-2186-1152X>

**Assem E. Kaliyeva** – PhD, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: [assem.kaliyeva@gmail.com](mailto:assem.kaliyeva@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1154-4287X>

**Shalkar A. Boluspaev** – PhD, Associate Professor, Almaty Management University, Almaty, Kazakhstan, email: [shalkar87@mail.ru](mailto:shalkar87@mail.ru), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-8845-0898X>

**Авторлар туралы мәліметтер**

\***Салибекова П.К.** – PhD докторанты, аға оқытушы, Алматы менеджмент университеті, Алматы, Қазақстан, email: [salibekovas@gmail.com](mailto:salibekovas@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-2186-1152X>

**Калиева А.Е.** – PhD, доцент м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: [assem.kaliyeva@gmail.com](mailto:assem.kaliyeva@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1154-4287X>

**Болуспаев Ш.А.** – PhD, доцент м.а., Алматы менеджмент университеті, Алматы, Қазақстан, email: [shalkar87@mail.ru](mailto:shalkar87@mail.ru), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-8845-0898X>

**Сведения об авторах**

\***Салибекова П.К.** – PhD докторант, старший преподаватель, Школы Экономики и финансов, Алматы менеджмент университет, Алматы, Казахстан, email: [salibekovas@gmail.com](mailto:salibekovas@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-2186-1152X>

**Калиева А.Е.** – PhD, и.о. доцента, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: [assem.kaliyeva@gmail.com](mailto:assem.kaliyeva@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1154-4287X>

**Болуспаев Ш.А.** – PhD, и.о. доцента, Алматы менеджмент университет, Алматы, Казахстан, email: [shalkar87@mail.ru](mailto:shalkar87@mail.ru), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-8845-0898X>